



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25.12.2025 ж.

№ 8, 4-т.

Құжат айналымын цифрлық форматқа көшіру жұмыстарының жай-күйі және кәсіподақ органдарының Кәсіподақта іс жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі шешімдерінің орындалуы туралы.

Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының іс жүргізу меңгерушісі М.Б.Бейсембаеваның құжат айналымын цифрлық форматқа көшіру жұмыстарының жағдайы және кәсіподақ органдары шешімдерінің орындалуы туралы ақпаратын тыңдап, талқылай отырып, Атқару комитеті Автоматтандырылған ақпараттық жүйе (ААЖ) құрылғанына және ауқымды дайындық жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, электрондық құжат айналымын (ЭҚА) мүшелік ұйымдарда, әсіресе аудандық және қалалық деңгейлерде енгізу үдерісі біркелкі орындалмай жатқанын атап өтеді.

ААЖ-ды тұрақсыз пайдалану, құжат айналымын электрондық пошта арқылы қатар жүргізу, сондай-ақ толыққанды цифрландыруға кедергі келтіріп отырған техникалық, кадрлық және ұйымдастырушылық мәселелер (түйіткілдер) орын алуда.

Жағдайды түбегейлі жақсарту және Атқару комитетінің алдыңғы отырыстарының шешімдерін (2021 жылғы 22 қаңтардағы №9; 2022 жылғы 12 қазандағы №19, 2024 жылғы 20 қыркүйектегі №1) орындау мақсатында Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ ОК аппаратының іс жүргізу меңгерушісі М.Б. Бейсембаеваның ақпараты назарға алынсын.

2. Мүшелік ұйымдардың төрағалары:

- 2026 жылғы 1 ақпанға дейін электрондық пошта арқылы құжаттарды қатар жүргізу тәжірибесін тоқтата отырып, барлық мүшелік ұйымдарда құжат айналымын толықтай ААЖ арқылы жүргізуді қамтамасыз етсін;

- 2026 жылғы 1 наурызға дейін барлық аудандық және қалалық филиалдарды ЭҚА-ға көшіру бойынша жауапты тұлғаларды және оқыту

қажеттіліктерін көрсете отырып, нақты жоспар-кестелерді әзірлеп, Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратына ұсынсын;

- ААЖ-да жұмыс жүргізуге жауапты мамандар үшін ай сайынғы ішкі нұсқамалар өткізуді және олардың жұмысына бақылау жасауды ұйымдастырсын.

3. 2026 ж. I тоқсанында Атқару комитетінің отырысында цифрландыру бөлігінде Кәсіподақтың алқалы органдары шешімдерінің орындалуы бойынша «Ұстаз» Алматы қалалық жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымы» ҚБ, «Шығыс Қазақстан облысының білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Түркістан облыстық ұйымы» ҚБ басшыларының ақпаратын тыңдау қарастырылсын.

4. Кәсіподақтың ОК аппараты (Бейсембаева М.Б.) ААЖ әзірлеушілерімен бірлесіп, **2026 жылғы 1 сәуірге дейін** пайдаланушылардың ұсыныстары мен шағымдарына талдау (анализ) жүргізіп, пайдаланушы интерфейсін және жұмыс рәсімдерін оңтайландыру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

5. Кәсіподақтың ОК аппараты (Иманбаев Е.С.) **2026 жылғы 1 маусымға** дейін мүшелердің саны жөніндегі ақпаратты жинау жұмыстарын аяқтап, кәсіподақ мүшелерінің бірыңғай цифрлық есебін қалыптастырсын;

- есептіліктің барлық нысандарын (формаларын), нормативтік базаны және «Электрондық кәсіподақ билеті» модулін енгізуді көздейтін ААЖ-ды жетілдіру жөніндегі жол картасын Атқару комитетінің бекітуіне ұсынсын.

6. Кәсіподақ ОК аппараты (Бейсембаева М.Б.) мүшелік ұйымдардың ААЖ-дағы жұмыс белсенділігіне ай сайын мониторинг жүргізіп, оның нәтижелерін Кәсіподақ басшылығының назарына жеткізіп отырсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева